

**2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН
ТАПСЫРМАЛАР**
«Ақпаратты электронды кестелерде өңдеу» бөлімі бойынша жиынтық
бағалау

Тапсырма

1. Берілген кестені қарастырыңыз.

	А	В
1	Қаржы конверторы	
2	Берілген сома (тг)	* доллар
3	10000	
4	15000	
5	20000	
6	25000	
7	30000	
8	35000	
9	Доллар курсы	330

а) Абсолютті сілтемені қолдана отырып, теңгеде берілген соманы долларға айналдыру формуласын көрсетіңіз.

В3 ұяшығының формуласы: _____

б) Формуланы В4:В8 ұяшықтарына көшіру барысында абсолютті сілтеме қалай өзгереді?

2. Төмендегі кестені Excel бағдарламасында құрастырыңыз.

	А	В	С
1	№	Оқушының аты-жөні	Жынысы
2	1	Әуелбасва Алима	қыз
3	2	Жанасов Ердос	ұл
4	3	Иманкулов Диас	ұл
5	4	Каратаева Айнұр	қыз
6	5	Мырзагулов Таир	ұл
7	6	Шыныбеков Ертай	ұл
8	7	Аймашева Нұрай	қыз
9	Ұл саны		
10	Жалпы оқушылар саны		

Excel бағдарламасының кірістірілген функцияларын қолданып, кестедегі ұлдар санын және жалпы оқушылар санын есептеңіз. Есептің формуласын жазыңыз.

С9: _____

С10: _____

3. Келесі кестені қарастырыңыз.

	A	B
1	Сыныбы	Оқушылар саны
2	5 сынып	25
3	6 сынып	24
4	7 сынып	28
5	8 сынып	21
6	9 сынып	26
7	10 сынып	24
8	11 сынып	22
9	Орташа саны	

Кестедегі оқушылардың орташа санын есептеңіз.
